

Сәлеметсіздер ме, құрметті достар!

«Ашық бюджет» алаңын іске асыру аясында 2024 жылға арналған бюджетті игеру туралы ақпаратты назарларыңызға ұсынамын.

Мектеп туралы қысқаша мәлімет. 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша оқушылар контингенті **3018 оқушыны** (112 сынып) құрайды. Оқу үдерісі **екі ауысымда** ұйымдастырылған. Есепті мектепте **154 педагог** қызмет атқарады, олардың ішінде **12 магистр, 48 педагог-шебер және педагог-зерттеуші** бар.

2024 жылға арналған бюджет көлемі **1 798 746 072,0 теңгені** құрады. Еңбекақы төлеу қоры бойынша шығыстар **1 539 708 951,0 теңге**.

Материалдық қорлар 18 528 485 теңге сомасына сатып алынды, оның ішінде: жуғыш және дезинфекциялық құралдар; гигиеналық тауарлар; кеңсе тауарлары; шаруашылық, сантехникалық және электротехникалық қорлар; ролл-жалюзилер; спорттық инвентарь.

Өзге қызметтер мен жұмыстарға 63 751 345 теңге төленді, оның ішінде: приточкалық желдету жүйесіне ағымдағы жөндеу – **1 748 000 теңге**, өрт дабыл жүйесін жөндеу – **1 244 443 теңге**, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған үй-жайларды бейімдеу жұмыстары – **1 200 000 теңге**; **өзге қызметтер (жылдық қызмет көрсету)**, оның ішінде: күзет қызметтері; санитарлық қызметтер (дезинфекция, дезинсекция, дератизация); қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару; қар тазалау жұмыстары; картридждерді толтыру қызметтері; өрт дабыл жүйесіне техникалық қызмет көрсету; эвакуациялық есіктерге техникалық қызмет көрсету; приточно-сорғыш желдету жабдықтары мен автоматикасына сервистік қызмет көрсету; бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету; өндірістік бақылау қызметтері; турникет жүйелеріне қызмет көрсету; дыбыстық хабарлау және мектеп қоңырауы жүйесіне техникалық қызмет көрсету; ауызсу фонтанчиктеріне қызмет көрсету; АСРТ, жылу есептеу жүйесі және бақылау-өлшеу аспаптарына техникалық қызмет көрсету; авариялық-құтқару қызметтері; психологиялық қызметтің электрондық автоматтандырылған жүйеде қызметін сүйемелдеу; домендік атауды пайдалану құқығын беру және ұзарту қызметтері; өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау; өрт баспалдақтарын, сыртқы стационарлық құрылымдар мен шатыр қоршауларын сынақтан өткізу; лифтілерге қызмет көрсету; 2023 жылға арналған қаржылық есептілікке аудит жүргізу; ori.dfo.kz веб-порталындағы «Электрондық есептер» ақпараттық сервисіне қолжетімділік беру; сметалық құжаттама жасау; жылу торабын қысыммен сынау және жылыту жүйесін тексеру; қызметкерлерді медициналық тексеруден өткізу; жылу есептеу жүйесі элементтерін метрологиялық тексеру; стендтер мен тақтайшалар

дайындау; бағдарламалық қамтамасыз етуді (антивирус) пайдалану лицензияларын ұзарту; сынақ тестілеулерге қатысу (ҰБТ); қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру; сынақ тестілеулерін өткізу (ҰБТ, ҰКТ, МОДО, PISA – testter.kz).

интернетке қолжетімділік қызметтері – **9 394 400 теңге**;
коммуналдық қызметтер – **28 050 205 теңге**.

1–4 сынып оқушылары мен СУСН санатындағы оқушыларды тамақтандыруға жалпы 161 284 392 теңге жұмсалды.

Күрделі шығыстар 53 247 675 теңге сомасында жүзеге асырылды, оның ішінде: математика кабинетін сатып алу – **1 жиынтық**; робототехника кабинетін сатып алу – **1 жиынтық**; интерактивті панельдер – **12 дана**; жылыту жүйесіне арналған циркуляциялық сорғыны сатып алу және орнату – **2 дана**; пластиналы жылу алмастырғыш – **1 және 2 саты**; мектеп асханасында тегін тамақтанатын 1–4 сынып оқушылары мен СУСН санатындағы оқушыларды есепке алу жүйесі – **2 жиынтық**; FaceID және/немесе магниттік карталар технологиясы арқылы мектеп кітапханасының ресурстарына кіруді қамтамасыз ететін келушілер/оқушыларды бақылау жүйесі – **2 жиынтық**; қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі (турникеттер) – **4 дана**; AR Board «Мектеп туралы» интерактивті-ақпараттық стенді – **6 дана**.

Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қоры бойынша: көпбалалы отбасыларға қаржылай көмек – **7 755 400 теңге** (178 бала); аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж балалар мен жетім балаларға арналған жазғы сауықтыру лагеріне жолдама беру қызметтері – **13 балаға, 1 748 800 теңге**.